



Автор: Бакеева Турсынгуль Дошняязовна

Пән: Өзін-өзі тану

Сынып: 3- сынып

Бөлім: Әсемдік әлемінде!

Тақырып: Сүйіспеншілік пен жақсылық жолы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Білімділік: оқушыларға жақсылық жасаудың мейірімділіктен екендігін түсіндіру; Дамытушылық: оқушылардың жанашырлық қасиеттерін дамыту; Тәрбиелік:оқушыларды мейірімділікке , жанашырлыққа , қайырымдылыққа тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты:	оқушылардың жақсылық туралы түсініктерін кеңейту арқылы сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.
Тілдік мақсаттар:	әркез жақсы сөйлеуге дағдыландыру
Күтілетін нәтиже:	өзінің іс-әрекеттерін тек жақсылыққа бағыттайды
Бағалау критерийлері:	барлығына сүйіспеншілікпен қарап , жақсы іс-әрекет жасауы
Құндылықтарды дарыту:	сүйіспеншілік құндылығын жарыққа шығару
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интербелсенді тақта , компьютер
Пәнаралық байланыс:	қазақ тілі , әдебиеттік оқу , музыка
Бастапқы білім:	жанашырлық , сүйіспеншілік

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.5Т қадағалау.Жағымды күйге келу.	
Сабақтың ортасы	Үй тапсырмасын тексеру: «Райымбек бастауы» әңгімесін талдау.Қойылатын сұрақтар:-Райымбек батыр еліне қалай қызмет етті? -батырдың жауынгерлері қандай жағдайға тап болды? -Райымбек батырдың ғажап ісін қалай түсінуге болады? -жақсылық жолында жасалатын қандай істерді білесіңдер? -өзің қандай жақсылық көрсетер едің? -кімге жанашырлық таныттыңдер? -қандай қайырыДәйексөз «Қайырымды іс жаса , қайырлы болар әр ісің» Халық нақылы 2-рет ер балаларға , 2- рет қыз балаларға айтқызу , бірге қайталау.Дәптерге жазу. мды іс жасадыңдар? Әңгімелеу «Жақсылық жасау әр адамның қолынан келеді» фильмін көрсету , талдау:-фильм кейіпкерінің іс-әрекетінен оның қандай қасиеттерін байқадыңдар? -біреуге жақсылық жасау қиын ба? -жақсы іс адамды қандай сезімге бөлейді? -сендер қандай жақсы іс жасадыңдар? - кімге көмектестің? -айналаңа өз жанашырлығыңды қалай көрсетер едің? Шығармашылық жұмыс Жеке жұмыс.1-тапсырма:жақсылық істердің тізбесін жасаңдар. Топпен ән айту Мен әдепті баламын әнін бірге орындау.	"Жақсылық жасау әр адамның қолынан келеді" фильмі , "Мен әдепті баламын" әні.
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма: №26 сабаққа «Қайырлы іс» өсиет әңгімесін оқып және мазмұндап келу.	Өзін-өзі тану оқулығы
Рефлексия	Соңғы тыныштық сәті:Аяқ-қолымызды айқастырмай , түзеліп отырып , бүгінгі сабақта айтылған жақсы сөздер мен істерді жүрегімізге сақтап алайық.Сабақ аяқталды! Сау болыңыздар!	